

**Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі "Атаулы күндер мен мерекелік күндерге жеке алынған санаттардағы көмек алушыларға әлеуметтік көмек көрсету мөлшерлерін белгілеу туралы" № 259/35 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2019 жылғы 30 мамырдағы № 383/52 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 маусымда № 6403 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2020 жылғы 3 қарашадағы № 536/71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 03.11.2020 № 536/71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 10-тармағына сәйкес , Павлодар қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі "Атаулы күндер мен мерекелік күндерге жеке алынған санаттардағы көмек алушыларға әлеуметтік көмек көрсету мөлшерлерін белгілеу туралы" № 259/35 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3778 болып тіркелген, 2014 жылғы 8 мамырда "Звезда Прииртышья" газетінде, 2014 жылғы 9 мамырда "Шаһар" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың он бірінші абзацындағы "150 000 (жүз елу мың) теңге" деген сандар мен сөздер "500 000 (бес жүз мың) теңге" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың он бесінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ауғанстандағы соғыс қимылдарына қатысушылар, Ауғанстанда қаза тапқан жауынгерлердің ата-аналары (біреуі) мен жесірлері 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде";

1-тармақтың он алтыншы абзацындағы "10 АЕК" деген сандар мен сөздер "50 000 (елу мың) теңге" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, қалалық мәслихат*

*хатшысының міндетін атқарушы*

*А. Оспанов*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Павлодар облысының әкімі*

*\_\_\_\_\_ Б. Бақауов*

*2019 жылғы "30" мая*